

Шәкизада С.Б.¹, Құрманбаев Қ.², Әкімханов А.Б.³

¹PhD докторанты, e-mail: shakizada94@gmail.com

²PhD докторы, доцент, e-mail: kairatk76@mail.ru

³PhD докторы, e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ МЕН ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ
ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАТУРИДИ
СЕНИМ МЕКТЕБІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Қазақ халқының дәстүрлі діни танымындағы тұжырымдар ислам дінінің негізі саналған Құран және хадис мәтіндерінен алынған. Әр елдің өзіне тән зиялы қауымы болатыны белгілі. Нағыз зиялы қауым өкілдері өз қоғамындағы қордаланған мәселелерді замана талаптарына сай зерделеп, шешім жолдарын іздеу, өз елінің рухани, мәдени болмысын насихаттап, сақтап, оны өскелең ұрпаққа аманаттау міндетін атқарады. Міне сол себепті, әр елдің рухани-мәдени болмысын ондағы зиялы қауым өкілдерінің еңбектері мен ой-тұжырымдарына қарап пайымдаймыз. Мәселен өздерінің шығармаларында теологиялық және діни-құқықтық мәселелерді талдаған Абай мен Шәкәрім сынды ұлы классик ақын, ойшылдарымыздың діни ой-тұжырымдарын зерделегенде қазақ халқының наным-сенімі мен өмір сүру салтының исламмен біте қайнасқанын анық көреміз. Қазіргі таңда осынау дәстүрлі діни жүйені мансұқтайтын, өз ұлтының рухани құндылықтарынан, дәстүрлі діни мен ділінен, салт-санасынан жеріген түрлі діни топтар мен жекелеген тұлғалар пайда болды. Бұл тенденция еліміздің рухани деградацияға ұшырауына әкеліп соғуда. Мақаланың негізгі мақсаты – ұлттық діни кодымызды Абай мен Шәкәрім еңбектеріндегі діни тұжырымдарды негізге ала отырып, қазақ халқының діни танымын дін мен дәстүр сабақтастығы идеясы негізінде пайымдау.

Түйін сөздер: Құран мәтіндері, имам Матуриди, теология, иман, діни таным.

Shakizada S.B.¹, Kurmanbaev K.², Akimkhanov A.B.³

¹PhD student, e-mail: shakizada94@gmail.com

²PhD doctor, assistant professor, e-mail: kairatk76@mail.ru

³PhD doctor, e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com

Nur-Mubarak Egyptian university of Islamic culture, Kazakhstan, Almaty

**Significance of the creed of the Maturidi school in the works
of Abay Kunanbayev and Shakarim Kudayberdiev**

Assertions in the traditional religious knowledge of the Kazakh people are based on the Koran and the Hadith, which are considered the basis of Islam. It is known that every nation has its own intellectual elite. It is common for a real elite to study the problems of their society in accordance with the requirements of their time, to seek solutions, to promote and preserve the spiritual and cultural heritage of the country and pass it on to the younger generation. Therefore, we perceive the spiritual and cultural realities of each country based on the works of the intelligentsia. Thus, in the works of great poets and thinkers, such as Abay and Shakarim, who analyzed the theological and religious-legal problems in their works, it is clear that the beliefs and traditions of the Kazakh people are closely associated with Islam. At present, various religious groups and individuals have emerged that deny the traditional religious system of the Kazakh people, which has its spiritual values, traditional religion and mentality. This trend leads to the spiritual degradation of the country. The purpose of the article is to substantiate our national religious code, the religious outlook of the Kazakh people based on the ideas contained in the works of Abay and Shakarim, based on the idea of the interconnection of religions and traditions.

Key words: The texts of Quran, Imam Maturidi, theology, faith, religious cognition.

Шәкизада С.Б.¹, Курманбаев К.², Акимханов А.Б.³

¹PhD докторант, e-mail: shakizada94@gmail.com

²PhD доктор, доцент, e-mail: kairatk76@mail.ru

³PhD доктор, e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

Значимость школы Матуриды в произведениях Абая Кунанбаева и Шакарима Кудайбердиева

Утверждения в традиционных религиозных познаниях казахского народа основаны на Коране и хадисах, которые считаются основой ислама. Известно, что у каждого народа есть своя интеллектуальная элита. Настоящей элите свойственно изучать вопросы их общества в соответствии с требованиями своего времени, искать решения, пропагандировать и сохранять духовное и культурное наследие страны и передавать его молодому поколению. Поэтому мы воспринимаем духовные и культурные реалии каждой страны на основе произведений интеллигенции. Таким образом, в работах великих поэтов и мыслителей, таких как Абай и Шакарим, которые анализировали теологические и религиозно-правовые проблемы в своих произведениях, видно, что верования и традиции казахского народа тесно связаны с исламом. В настоящее время появились различные религиозные группы и отдельные лица, которые отрицают традиционную религиозную систему казахского народа, которая имеет свои духовные ценности, традиционную религию и менталитет. Эта тенденция ведет к духовной деградации страны. Цель статьи – обобщить наш национальный религиозный код, религиозное мировоззрение казахского народа на основе идей, содержащихся в трудах Абая и Шакарима, опираясь на идею взаимосвязи религий и традиций.

Ключевые слова: Коранические тексты, имам Матуриды, теология, вера, религиозное познание.

Кіріспе

Ислам тарихында талас-тартыс тудырған теологиялық мәселелердің саны өте көп. Екі үлкен сенім мектептің негізін қалаған имам Матуриды мен имам Ашғаридың негізгі оппоненттері ретінде мұғтазилиттер мен харижиттер бой көтерді. Мұғтазилиттер діни мәтіндерді өздерінің логикалық ережелеріне сәйкестендіріп, ал харижиттер керісінше ақылды, ойлануды теріске шығару арқылы догмаға негізделді. Имам Матуридидің Китаб Таухид еңбегінде немесе жалпылама матуриды сенім мектебіндегі имам Баздауи, Насафи сынды ғұламалардың кітаптарында көтерілген мәселе сол замандағы ағымдардың көзқарастарына тойтарыс беру мақсатында жазылған. Яғни қандай да бір пікір алға тартылса, оның кітапқа еніп, жан-жақты дәлелдермен зерттелуі қажет еді.

Тарихта көрініс тапқан аталмыш ағымдар қазіргі таңда дәл сол атаумен қоғамға шықпаса да, оның орнына басқаша атаумен сол пікірлерді алға тартуда. Абай Құнанбайұлы өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде және Шәкәрім Құдайбердіұлы «Иманым», «Мұсылмандық шарты» атты өлең-шумақтары мен еңбектерінде қазіргі таңдағы теологиялық мәселелерде көрініс тауып отырған пікір алуандығына матуриды сенім мектебі негізінде айқын баяндаған. Бұл өз кезегінде оппоненттің қозғалып отырған мәселені кеңінен түсінуіне жол ашады, сондай-ақ

өскелең ұрпақтың діни көзқарастарды ұлттық дүниетанымға сәйкес қабылдауына септігін тигізеді.

Зерттеу жұмысының әдіснамасы

Бұл мақалада ислам теологиясындағы мәселелер матуриды сенім мектебі негізінде және Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының аясында талдау жасалады. Зерттеу жұмысы барысында теологиялық, компаративистикалық әдіс, интерпретациялық және семантикалық талдау, саралау, жіктеу сынды ғылыми әдіс-тәсілдер қолданылды.

Негізгі бөлім

Абай Құнанбайұлы өзінің «Лай суға май бітпей қой өткенге» деп басталатын өлең жолдарында

Мекен берген, халық қылған ол ләмәкән
Түп иесін көксемей бола ма екен?
Және оған қайтпақсың, оны ойламай,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?,

– деп (Құнанбайұлы, 2002:160)

Матуриды сеніміндегі негізгі концепцияны қуаттайды. Өлеңде тілге тиек етілген негізгі мәтін «Мекен берген, халық қылған ол ләмәкән» сөйлемі. Мекен, орын берген, халық қылған/жаратқан Алла Тағала – ләмәкән, яғни белгілі

бір мекенге орнықтамаған. Абай Құнанбайұлы осы сөзімен матуриди мектебінің негізгі оппоненттері мұғтазилиттер мен каррамиттердің тұжырымдарын жоққа шығаруда. Ислам тарихындағы хашуиялар, каррамиттер және жебірейлер секілді топтар Алла Тағаланың дене екендігін және Таһа сүресінде баяндалған ұлы жаратылыс Аршыға орнықты/отырды деп пайымдаған. Кейбіреулері Жаратушының алты тарапы бар деген тұжырымды айтқан. Ал өздерінің мазһабтарын логикалық ережелерге негіздеген мұғтазилиттер мен философтар Алла белгілі бір жерде ғана емес, керісінше «барлық мекенде» деу арқылы әһли сүннә уә әл-жамаға сеніміне қайшы пікір білдірген (Бәздәуи, 2003:40). Себебі имам Матуридидің «Китабу ат-таухид» атты еңбегінде Аллаға мекен берудің дұрыс еместігіне арналған арнайы тарауша бар. Имам Матуриди аталмыш тараушада өзінің сөзін былайша жеткізеді. Таһа сүресінің «Рахман Аршқа истиуа етті» деген аят (Құран, 2015:312) Алланың белгілі бір мекенде екендігін білдірмейді. Сол секілді Уақиға сүресінің 85-аятындағы: «Біз оған сендерден де жақынбыз» (Құран, 2015:537), Мужадилә сүресінің 7-аятындағы «Үш кісі жасырын бас қосып құпия сөйлесе, сөзсіз, олардың төртіншісі Алла болмақ» (Құран, 2015:543) және Қаф сүресінің 16-аятындағы «Біз оған күре тамырынан да жақынбыз» (Құран, 2015:519) деп баяндалған аяттар да Алланың орны бар екенін білдірмейді. Алла аталмыш мекендерді айту арқылы Өзін ұлықтап, дәрежесін көтергісі келген жоқ, керісінше Жаратушы Алланың атына тіркесу арқылы әлгі орындар ерекше құрметке ие болды. Сондай-ақ Құран мәтінінде Аршыны меңгергендігін айтуы ешбір жаратылыс. Ол секілді мұндай ұлы затты (Аршыны) жаратуға шамасы жетпейтіндігін баяндауда (әл-Матуриди, 2003:164). Сонымен қатар Алла «барлық жерде» деп топшылаған мұғтазилиттік пікірдің (Алла) «белгілі бір жерде ғана» деген каррамиттердің ойынан еш айырмашылығы жоқ екендігін тілге тиек еткен. Керісінше Алланың ұлылығын, мәртебесін айқындауда жалғыз бір жаратылыстың, яғни Мұхаммедтің Раббысы/Құдайы, Ибраһимның Раббысы деп (жалқылап) айту дұрысырақ болатындығын айтқан. Имам Матуриди бұл тараушаны мекен, орын жаратылмай тұрып, Алла бар еді. Қазір де еш өзгерусіз (бұрынғы халде). Заман мен мекен Аллаға лайықты емес деп қорытындылайды (әл-Матуриди, 2003:165-166). Сондай-ақ Жаратушы Алланы мекенмен шектеу, орын беру логикалық тұрғыдан да қате. Өйткені Құрандағы Мужадилә

(Құран, 2015:543), Мүлік (Құран, 2015:563) және Зухруф (Құран, 2015:495) сүрелерінің мәтіндеріне жіті мән берсеңіз, Алланың мекеніне қатысты қарама-қайшылықтар байқалады. Алла белгілі бір жаратылысты жаратып, кейін сол затқа отыруға, орнығуға мұқтаждық танытса, оны жаратпас алдын Алла қайда болды деген сұрақ еріксіз туындайды. Сондықтан мұндай жаңсақ пікір ислам ғұламаларының көзқарасында қабылданбақ емес. Абай Құнанбайұлы ислам тарихында сондай-ақ әлі күнге дейін талас-тартысты туындатып, мұсылмандардың ауыз-біршілігіне сызат түсірген теологиялық мәселеге «ләмәкән» деп қысқа қайырса да, матуриди сенім мектебінің негізгі қорытынды тұжырымын айтқан.

Ислам тарихында, нақтырақ айтқанда сенім мәселесінде өзекті саналатын ол – иман мәселесі. Өйткені діни үкімдердің барлығы адамның имандылық статусына қарай өзгеріп отырады. Ақида/теология әрі фикһ/құқық саласының ұлы ғалымы әбу Ханифа иман тілмен айтып және жүрекпен бекіту арқылы кемелдікке жететіндігін айтқан. Алайда Алланың алдында кәміл мұсылман атану үшін жүректегі иманның жеткілікті екенін және тілмен айту мұсылмандық қарым-қатынас жасау үшін, басқаша айтсақ ол адамға исламның үкімдерін жүргізу мақсатында қажет екендігі баяндалады. Бұл көзқарасты әбу Мансур әл-Матуриди, әбу әл-Хасан әл-Ашғари, әбу Бәкір әл-Бақиллани және әбу Исхак әл-Исфираини ұстанған (әл-Бәбирти, 2009:51). Иманын ең алдымен жүрекпен бекіту шарт. Себебі араб лингвистикасында «иман» сөзі «растау» деген мағынаны білдіреді. Бұл пікірімізді Құран мәтіні қуаттайды (Құран, 2015:237). Абайша айтсақ, «иман дегеніміз – Алла табарака уа тағаланың шәриксіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа әр неге бізге Пайғамбарымыз саллалаһу ғалайһи уәсәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, инанмақ» (Құнанбайұлы, 2008:322). Абайдың бұл тұжырымы исламдағы теология саласындағы майталмандардың иман ұғымына берген анықтамасымен сөзсіз ұштасады. Олардың пікірінше иман – Мұхаммед пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын!) Алла Тағала тарапынан әкелген барлық хабарларына сену. Аллаға, періштелеріне, кітаптарға, елшілерге (пайғамбарларға), ақырет күніне және басқа да осы секілді сенуге міндетті етілген бүкіл нәрсеге илану (әл-Бәбирти, 2009:51). Абай Құнанбайұлы да иманның түпкі мәні мен ақиқаты жүректе екендігін өлең жолдары арқылы баяндайды:

Алла деген сөз жеңіл.
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі Хаққа жол емес (Құнанбайұлы, 2008:235).

Алланың алдында тек қана ынталы жүрек пен шын көңілдің қадірі бар екенін меңзейді. Имам Матуриди де иманның негізгі орны ол – жүрек деп, бұл мәселенің діни мәтіндер және логикалық тұрғыдан айқын бекітілгендігін кеңінен талқылайды. Мәида сүресінің 41-аятында: «Уа, ардақты елші! Құр ауызбен «иман келтірдік» дегенмен жүрегі иман келтірмеген екіжүзділер мен яһудилерден күпірлікте өзара жарыскандар көңіліне қаяу түсірмесін», – десе (Құран, 2015:114), Хужурат сүресінің 14-аятында: «(Бірқатар) бәдәуилер: «Біз де иман келтірдік», – дейді. Оларға: «Жоқ, сендер әлі иман етпедіндер. Алайда (Аллаға мойынсұнып) мұсылман болдық деңдер. (Өйткені) иман жүректеріңе әлі ұялай қойған жоқ», – де» (Құран, 2015:517) деп баяндайды. Жоғарыдағы мәтіндерде кейбір топ адамдары жүрекпен иланбағандықтан, Алла Тағала тілмен айтқан имандарын жоққа шығарды. Сондай-ақ басқа бір аятта: «Олар өздерінің мұсылман болғанын саған міндет қылады. Ендеше, оларға: «Мұсылмандықтарыңды маған міндет қылмаңдар! Егер иман келтіргендерің рас болса, онда керісінше, сендерді имандылық жолына салғаны үшін Алла міндет қылады», – деп айт», – делінеді. Егер иман (құр) тілмен айту жеткілікті болса, сөйлеген сөздері (иманын айту) арқылы шыншыл саналып, мұсылмандардың санатына кіретін еді (әл-Матуриди, 2003:601). Осылайша имам Матуриди Құран мәтіндерін тізбектеп, әрқайсысына жеке-жеке тоқталады. Сондай-ақ ақылға сүйеніп иман жүрекпен бекітілу керек екенін дәлелдейді. Жүрекке ешкім үстемдігін, билігін жүргізе алмайды. Ал иманды тілмен айту жеткілікті десек, кейбір жағдайларда ол мүмкін болмай қалады. Мәселен қысымшылық көрген жағдайда күпірлік сөзін айту секілді. Ал жүректегі иман задында құбылмалылықты қабыл етпейтін негізгі тірек саналады (әт-Тафтазани, 2007:150). Тіпті намаз оқып тұрған сәтте де «кітаптарға, пайғамбарларға және қайта тірілу күніне иман еттім» деп айтуға тыйым салынады (әл-Матуриди, 2003:607). Сондықтан иманын тек тілмен білдіру жеткіліксіз. Бұл тұжырымдаманы да Абай Құнанбайұлы жоғарыда айтылғаннан бөлек адамдағы ақыл мен қайрат да жүрекке бағынышты екендігін айтып өтеді (Құнанбайұлы, 2008:326-327). Сонымен қатар шынайы ықыластың түп негізі –

жүрек (Құнанбайұлы, 2008:325). Имам әбу Ханифа да аталмыш көзқарастарға сай логикалық тұрғыдан иман жүрек арқылы бекітілетіндігін төмендегідей түсіндіреді. Жалғыз тілмен айту иман саналмайды. Егер құр тілмен айту кәміл (толыққанды) иман болса, екіжүзділердің (мұнафықтардың) барлығы мүмін саналар еді. Сол секілді Алланы тек танып-білу иманның тұтас, кәміл болуы үшін жеткіліксіз. Өйткені Алланы тану ғана иман саналса, онда кітап иелерінің (христиан мен яһудилердің) бәрі мүмін болар еді. Алла Тағала екіжүзділер жайында Құранда: «Алла мұнафықтардың (саған сенбейтініне және) барып тұрған өтірікші екеніне куә болады», (Құран, 2015:554) – деген. Кітап иелері турасында: «Біз кітап түсірген қауым (дін басылары мен ғұламалары) ақырғы пайғамбарды (құбыласы һәм бүкіл ерекшеліктерімен қоса) өз балаларын танығандай таниды», (Құран, 2015:23) – деп баяндаған. Ғұлама әбу Ханифа құр тілмен немесе тек таным арқылы жүзеге асқан иманның пайда бермейтіндігін осылайша дәлелдеп, шынайы, кәміл иманның жүреkte екендігін ишарат етті (әл-Бәбирти, 2009:59-60). Шәкәрім Құдайбердіұлы «Мұсылмандық шарты» атты еңбегінде де: «Иман айтқанда «лә иләһә иллаллаһу Мухаммаду расулулаһи» – дейміз. Оның мағынасы: бір Құдайдан басқа Құдай жоқ Мұхаммед ғәлейһис-сәләм Алла Тағаланың бізге тура жолды көрсетуге жіберген басшысы деген болады. Мұның мағынасын білмей, құры айтқанменен иман болмайды және анық, шын нанып айтпай, құры тілмен ғана айтылса, ол да иман емес», – деп баяндайды. Сондай-ақ аятта: «уа мина-һ-наси ман йақулу әмәнна бил-лаһи уа бил-йаумил-ахири уа ма хум би муғминина» – деген. Мағынасы: кейбір адам Аллаға һәм ақирет болатұғынына иман келтірдім десе де, ішкі ықыласы нанбай тұрған соң, ол мұсылман емес – деген. Әлбетте, әрқашан шын ықыласпен нанып, иман айтып жүру керек, егер де иман дұрыс болмаса, қанша құлшылық, ғибадат қылынса да, ол қабыл болмайды (Құдайбердіұлы, 2014:3). Мұндай тұжырымдама өздігінен туындауы мүмкін емес. Өйткені бұл теологиялық мәселе. Сондықтан еш күмәнсіз Құран және хадис мәтіндерінен алып әрі имам Матуриди, әбу Ханифа сынды ислам ғұламаларының көзқарастарына негізделгендігі айқын көрінеді.

Абай Құнанбайұлы 38-қара сөзінде: «Алланың сөзі – қаріпсіз, дауыссыз. Енді олай болса, айтқандай қылып білдіретұғын күдіреті және басар, сәмиғ, яғни көруші, есітуші деген. Алла Тағаланың көрмегі, естімегі, біз се-

кілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей, естігендей білетұғын ғылымның бір сипаты», – (Құнанбайұлы, 2007:48) деп матуриди сенім мектебінің көзқарастарын тайға таңба басқандай баяндайды. Бұл тұжырымдаманы ханафи құқық мектебінің ғалымы Кәмәл ибн Һумам былайша түсіндіреді. Алла Тағала жүрексіз де және мисыз да білуші сипатына ие болғаны секілді, жаратылыстар сияқты көздің қарашығына, құлаққа, ешбір ағзаға мұқтаж болмай-ақ естиді, көреді. Себебі бұл есту, көру ешбір нұқсандығы жоқ кемелділік сипаттары. Сондай-ақ жаратылысқа қарағанда Жаратушының мұндай сипаттармен сипатталуы абзалырақ әрі дұрысырақ. Алла Тағала Құранда Ибраһим пайғамбардың әкесіне: «Неліктен мүлдем естімейтін, көрмейтін әрі өзіңе титтей де пайдасы тимейтін меңіреу пұттарға табынудасың?», – деп айтқан сөзін жеткізеді. Осы тұста мұндай кемшіліктердің көрініс табуы (көрмеу, естімеу) құдайға тән емес-тігі айқын көрінеді. Сонымен қатар есту және көру сипаттары түптің түбінде Алланың білім/білу сипатына оралады, негізделеді. Өйткені бір затты көру яки есту ілімнің/білімнің бір түрі болып саналады (ибн Һумам, 2014:22-23). Ұлы кеменгер, дара тұлға Абай Құнанбайұлы да Алла Тағаланың көрмегі, естімегі, біз секілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей естігендей білетұғын ғылымның бір сипаты деу арқылы 500 жыл бұрын өмір сүрген атакты матуриди/ханафи ғұламасы ибн Һумамның сөзін қазақы түсінікпен жеткізуде. Имам Матуриди тәпсір кітабында Алла Тағаланың сөзі адамдардың сөйлегені секілді дауыстар мен дыбыстардан әрі әріптерден құралмайтындығын тілге тиек етеді (әл-Матуриди, 2005:110-111).

Абай Құнанбайұлы тағы бірде: «Алла Тағалаға ұқсай алам ба деп, надандықпен ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәл бірдейлік дағуасыменен емес, соның соңында болмақ. Оның үшін Алла

Тағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басыйр, Сәмиғ, Ирада, Кәлам, Тәкуин. Бұл сегізінен Алла Тағаладағыдай кәмәләт-ғазамат бірлән болмаса да, пендесінде де әрбірінен өз халінше бар қылып жаратыпты», – деп сипаттардың мән-мазмұнын түсіндіре отырып, «тәкуинді» жеке дара сипат ретінде қарастырады (Құнанбайұлы, 2007:46-47). Сондай-ақ тәкуин сипатының барлыққа келтіруші мағынасын білдіретіндігін және барлыққа келтірмегі бір өз алдына сипат болса, Алла Тағаланың сипаты өзіндей қадім, һәм әзәли һәм әдәби, яғни ежелден бар, бастауы жоқ сипат екенін алға тартады (Құнанбайұлы, 2007:48). Матуриди сенім мектебінде де жоқтан бар қылатын «тәкуин» және «ижад» Алланың ежелден бар саналатын сипаттарына кіреді және жаратылмаған. Керісінше ілім және құдіреті сипаттары секілді әзәли/мәңгі. Сол сияқты рақымшылық, жақсылық жасау, ризықтандыру және кешірім беру Алланың әбәди, әзәли/ежелден бастауы жоқ сипаттары (Бәздәуи, 2003:76). Тәкуин сипатынан бөлек Абай матуриди сенім мектебіндегі субути сегіз сипатты тізбектеп берген. Абайдың бұл теологиялық діни танымын Шәкәрім Мұсылмандық шарты еңбегінде «Алла Тағаланың сипаттарын білмек» атты тараушада тілге тиек етіп, кеңінен түсіндіреді. Алла Тағала бар, өздігінен бар, біреу бар қылған емес, барлығының алды жоқ, бұрыннан бар, арғы да жоқ, ешқашан жоқ болмайды, өлмейді, тозбайды, өзгермейді. Алла Тағала жалғыз, не серігі жоқ, не теңдесі, ұқсасы жоқ және ешнәрсеге ұқсамайды. Кітапта бұл алты сипатын – затия сипаты дейді. Олар мынау:

- Бар;
- Өздігінен бар;
- Бұрыннан бар;
- Жоқ болмайды;
- Жалғыз;
- Ешнәрсеге ұқсамайды.

1-кесте

Шәкәрімнің еңбегінде	Ислам теологиясында
Бар	Ужуд
Өздігінен бар	Қиям би нәфсиһи
Бұрыннан бар	Қидәм
Жоқ болмайды	Бәқа
Жалғыз	Уахданият
Мухаләфәтун лил-хауадис	Ешнәрсеге ұқсамайды

Шәкәрім Құдайбердіұлы әрі қарай бұлардан өзге Алланың субутия деген сегіз сипаты бар деп жоғарыдағы Абайдың айтып өткен сипаттарына тоқталады. Олар:

Тірі;

Білімді;

Құдіретті;

Талап қылушы, яғни бір нәрсенің болғанын ұнатушы;

Болғызушы;

Бар қылса да, жоқ қылса да сөйлеуші

Естуші;

Көруші.

Бірақ бұл сипаттары адамдарға ұқсамайды. Мәселен біздің тіршілігіміздей денемен емес, біздің құдіретіміздей қол-аяқ, яки қарумен емес, біздің біліміміздей ойменен, көзбенен, яки біреуден ұғып емес (Құдайбердіұлы, 2014:6) деп алдыңғы тақырыптан өзгеше жаңа бір мәселені қозғап кетеді.

Абай Құнанбайұлы Алланың есімдері мен сипаттарына ғана қатысты емес, сондай-ақ Жаратушыға жалбарынып дұға тілеудің үлгісін де көрсеткен.

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу һәмәси
Мәдәт бер я шағири фәрияд, –

деп (Құнанбайұлы, 2002:36), өз заманының ұлы ақындарын ортаға дәнекер ретінде есімдерін атап, Алладан дұға тілеуде. Мәдәт сөзі медет мағынасында, шағири – ақын, фәрияд – теңдесі жоқ, дара тұлға ұғымында қолданылады. Бұл тұста Абай медет сөзін қолдану арқылы барлық күш-құдірет иесі ретінде ақындарды меңзеп тұрған жоқ. Тек арада сол ұлы ақындарды себепкер етуде. Медет сөзі көңіл-күйге арқау, сүйеу боларлық күш, қуат, демеу мағыналарда қолданылады. Сондай-ақ қазақ халқының әдебиеттерінде «Ей, рақымы мол, Алла Тағала! Оң сапарыңды бере гөр! Аман сақтай гөр! Я, пайғамбарлар, я шариялар, я әулиелер. Жолдарыңа боз қасқа, ақ сарбас айттым қолдай гөр, медет бере көр!» деген мәтіндер кездеседі (Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек, 2009:148). Жалпы бұл өлең шумақтарында исламдағы «истиғаса» мәселесі қозғалуда. Яғни дүниеден өткен кісіден жәрдем, медет тілеу. Алайда дұға тілеуші адам барлық күш-құдіреттің иесі Алла екендігіне күмәнсіз сенуі тиіс. Сонда ғана бұл ұғымның мәнін тиісінше орындаған болып саналады. Тек арадағы адамның Алла алдындағы дәрежесі

үшін осындай үлгіде дұға тіленеді. Әйтпесе бұл адамды политеизмдік сенімге итермелеуі ғажап емес. Бұл мәселенің дұрыс яки бұрыстығына байланысты ғұламалар бірауыздан келіспесе де, көпшілік ғалымдар истиғасының рұқсат екендігін айтқан. Исламның негізгі қайнаркөздерінің бірі ретінде хадис мәтіндері дәлел болады. Мұхаммед пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын!): «Егер араларыңда біреу бір затын жоғалтса немесе көмек сұрауды қаласа және сол сәтте жанында (жолдасы, бауыры) ешкім болмаса «Уа, Алланың құлдары маған медет (жәрдем) беріңдер, Уа, Алланың құлдары маған көмек беріңдер» деп айтсын. Шын мәнінде Алла Тағаланың (жер бетінде) біз көрмейтін жаратылыстары (құлдары) бар», – деген екен (Табарани, 1994:117). Хадисті имам Табарани өзінің «Муғжам әл-кабир» атты еңбегінде баян етеді. Сондай-ақ ғалым хадистің соңында мұндай амалдың іс жүзінде жүзеге асқандығын тілге тиек етеді. Тағы бірде Алла елшісінің: «Шын мәнінде жер бетінде Алланың періштелері бар. (Олар) талдан түскен жапырақтарды жазып отырады. Егер араларыңда біреу шөл далада қиындыққа тап болса, «Уа, Алланың құлдары маған жәрдем беріңдер, көмектесіңдер», – деп айтсын» (әл-Баззар, 2009:181), – деген сөздері арқылы истиғасының, яғни дүниеден өткен адамнан медет тілеп, жәрдем сұрау шариятқа қайшы еместігін айқын көреміз.

Шәкәрім Құдайбердіұлы Ақыл құсы адаспай аспандаса деп басталатын өлең шумақтарында:

Сопыларға біздің Жар бір қараса,
Жарық нұрмен жүрегін араласа,
Жанын жан, ескі иманын иман демеі,
Байқұстар қалар еді-ау таң-тамаша, –

десе (Құдайбердіұлы, 2008:26), басқа бір өлеңінде:

Жарым айтты: «Жүректі арақ ішкен мимен жу.
Шірітіп жүр сүйекті, ескі иманның бәрін қу», –

деп (Құдайбердіұлы, 2008:110) ескі иман сөзін қолданады. Матуриди мектебінде немесе басқа да сенім мектептерінде ескі және жаңа иман деген ұғым жоқ. Алайда мұндай астарлы мәтінмен қалың жұртшылыққа беймәлім болған ислам теологиясындағы иманның артып-кему мәселесіне тоқталған. Матуриди сенім мектебінің басым көпшілік ғұламаларының көзқарасында, барлық мұсылманның, тіпті періштелер мен пайғамбарлардың иманы да Алланың құзырында тең (әл-Бәбирти, 2009:66). Тек ізгі әрі күнә істерді атқару арқылы мұсылманның иманы сапа

және сипат тұрғысынан артып яки кеміп отырады. Матуридилік/ханафиттік негізгі доктрина осылай баяндалған (Бәздәуи, 2003:156). Алайда (матуриди мектебіндегі) кейбір ғалымдар жүректегі (Аллаға) сенімнің/тасдиқтың әлсіреп-күшейетіндігін тілге тиек етеді. Себебі қарапайым мұсылман мен Мұхаммед пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын!) Алланы мойындап, Оған сенуі бірдей дәрежеде емес (әт-Тафтазани, 2007:154). Бұл мәселеге қатысты Алла Тағала Құранда: «Бірде Ибраһим: «Уа, Раббым! Маған өлілерді қалай тірілтетініңді көрсетші», – деп өтінген еді. Алла оған: «Сен сенбейсің бе?» – деді. Сонда Ибраһим: «Әлбетте, сенемін. Бірақ (өз көзіммен көріп, көңілім жай тауып) жүрегім орнына түссін деймін», – деді. Сол кезде Алла оған: «Ендеше, әртүрлі төрт құсты ұстап ал да, оларды қолға жақсылап үйрет. Содан кейін оларды сойып, боршалап, бір-бірімен мидай араластыр да, төртке бөліп, әр таудың шоқысына апарып қой. Содан кейін оларды шақыр, сонда олар алдыңа лезде жетіп келеді. Біліп қой, Алла – Азиз (ұлық, бәрінен үстем) һәм Хақим (әр ісі мен әрбір үкімі хикметтерге толы болған асқан даналық иесі)», – деп оқиғаны баяндайды. Бұл Құран мәтіндерінде Ибраһим пайғамбардың Алладан өлілерді тірілтуді сұраудан алдыңғы иманын Шәкәрім айтқандай «ескі иман», ал Жаратушысының шексіз құдіретін көрген сәттен кейінгі иманын «жаңа иман» ретінде қарастыруға әбден болады. Алайда ескі иман сөзінің мәні – адамның күпір-

лікте немесе оның Аллаға сенімі жоқ екендігін көрсетпейді. Тек бір деңгейден келесі деңгейге көтерілгендігін аңғартады. Сол секілді мұсылманның алғашқы сәттегі сенімі мен бірнеше жылдан кейінгі иманын теңестіре алмаймыз. Осы орайда Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңінде айтылған мәтін мен матуриди сенім мектебіндегі тұжырымдаманы сабақтастығы айқын көрінеді.

Қорытынды

Қазіргі қоғамға қазақ халқының Абай Құнанбайұлы және Шәкәрім Құдайбердіұлы секілді тұлғалары тек классик ақын, ойшыл ретінде ғана танылған. Алайда заманының заңғар кемеңгерлері философиялық, әлеуметтік, психологиялық салалармен шектелмей, теологиялық және діни-құқықтық мәселелердегі мәтіндерді жан-жақты интерпретациялап, матуриди сенім мектебіндегі бірнеше ғасырлардан бері қалыптасқан негізгі концепцияларды қазақы дүниетанымда түсіндіре білген. Бұл өз кезегінде бүгінгі таңда көрініс тауып отырған діни талас-тартысты мәселелердің шешімін табуға өз үлесін қосады. Ислам дінінің негізгі атқаратын функциясы әлемдік дәрежеде болса да, әрбір елдің, ұлттың өзіне ғана тән тыныс-тіршілігі, өмір сүру салты болатындығы мәлім. Сол себепті әрбір халықтың Абай және Шәкәрімдей жанашыр зиялы қауым өкілдерінің болуы қалың жұртшылықтың дінді тиісінше түсінуіне мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. (2002). Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – 296 б.
- Абай Құнанбайұлы. (2007). Қара сөздер. – Алматы: Арда. – 168 б.
- Абай Құнанбайұлы. (2008). Өкінішті көп өмір кеткен өтіп... Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Раритет. – 384 б.
- Әбу әл-Юср Бәздәуи. (2003). Усул әд-дин. – Каир: Мәктәбәту әл-әзһария ли әт-турос. – 271 б.
- Әбу Бәкір Ахмад ибн Амр әл-Баззар. (2009). Муснад әл-Баззар. – Медине: Мактабату әл-улум уә әл-хикам. – 18 т.
- Әбу Қасым Табарани. (1994). Әл-Муғжам әл-кабир. – Каир: Мактабату ибн Таймия. – 25 т.
- Әбу Мансұр Мұхаммед ибн Махмұд әл-Матуриди. (2005). Тәуилату әл-Құран. – Станбул: Дәру әл-мизан. – Т. 4. 428 б.
- Әбу Мансұр Мұхаммед ибн Махмұд әл-Матуриди. (2003). Китаб әт-таухид. – Анкара: ИСАМ уақы. – 410 б.
- Кәмәл ибн Нұмам. (2014). Әл-Мусайара фи илми әл-кәләм уә әл-ақайд әт-таухидия әл-мунжия фи әл-ахира. – Каир: Дарбу әл-атрак. – 128 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. (2009). Он бес томдық. 11-том/Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы: Арыс баспасы. – 752 б.
- Құран кәрім. (2015). Қазақша түсіндірмелі аударма, /ауд. Асқар Әкімханов, Нұрлан Анарбаев. – Алматы: Көкжиек баспасы. – 624 б.
- Мұхаммед әл-Бәбирги. (2009). Шарху уасияти әби Ханифа. Дару әл-фатх. – 155 б.
- Сағд әд-дин Масғұд ибн Умар әт-Тафтазани. (2007). Шарх әл-ақайд ән-насафия. Мактабату дари әл-даққак. – 214 б.
- Шәкәрім Құдайбердіұлы. (2008). Иманым. – Алматы: Арыс. – 322 б.
- Шәкәрім Құдайбердіұлы. (2014). Мұсылмандық шарты. – Ақтөбе: Фатима-принт. – 56 б.

References

- Abai (Ibrahim) Kunanbaiuly. (2002). Shygarmalarynyn eki tomdyk tolyk zhinagy. – Almaty: Zhazushy. – T. 1: Olender men audarmalar. – 296 b.
- Abai Kunanbaiuly. (2007). Kara sozder. Almaty: Arda. – 168 b.
- Abai Kunanbaiuly. (2008). Okinishti kop omir ketken otip... Olender, poemalar, kara sozder. Almaty: Rariret. – 384 b.
- Abu al-Yusr Bazdaui. (2003). Usul ad–din. – Kair: Maktabatu al-azhariya li at-turos. – 271 b.
- Abu Bakir Ahmad ibn Amr al-Bazzar. (2009). Musnad al-Bazzar. – Medine: Maktabatu al-ulum ua al-hikam. – 18 t.
- Abu Kasym Tabarani. (1994). Al-Mugzham al-kabir. – Kair: Maktabatu ibn Taimiya. – 25 t.
- Abu Mansur Muhammed ibn Mahmud al-Maturidi. (2005). Tauilatu al-Kuran. – Stanbul: Daru al-mizan. – T. 4. 428 b.
- Abu Mansur Muhammed ibn Mahmud al-Maturidi. (2003). Kitab at-tauhid. – Ankara: ISAM uakfy. – 410 b.
- Kamal ibn Humam. (2014). Al-Musaiara fi ilmi al-kalam ua al-akaid at-tauhidiya al-munjiya fi al-ahira. – Kair: Darbu al-atrak. – 128 b.
- Kazak adebi tilinin sozdigi. (2009). On bes tomdyk. 11-tom/Kurast.: Zh.Mankeeva, S.Bizakova, A.Zhunisbek zhane t.b. – Almaty: Arys baspasy. – 752 b.
- Kuran Karim. (2015). Kazaksha tusindirmeli audarma, /aud. Askar Akimkhanov, Nurlan Anarbaev. Almaty: Kokzhiiek baspasy. – 624 b.
- Muhammed al-Babirti. (2009). Sharhu uasiyati abi Hanifa. Daru al-fath. – 155 b.
- Sagd ad-din Masgud ibn Omar at-Taftazani. (2007). Sharh al-akaid an-nasafiya, Maktabatu dari ad-dakkak. – 214 b.
- Shakarim Kudaiberdiuly. (2008). Imanym. – Almaty: Arys. – 322 b.
- Shakarim Kudaiberdiuly. (2014). Musylmandyk sharty. – Aktobe: Fatima-print. – 56 b.